

Корея отмечается и ряд других традиционных праздников, которые, впрочем, пользуются меньшей популярностью и проводятся достаточно скромно. Во многом это вызвано тем, что эти праздники не получили официального признания: они являются рабочими днями и не слишком широко освещаются в средствах массовой информации /2, 401-402/.

1. Ионова Ю.В. Обряды, обычаи и их социальные функции в Корее (сер. XIX – нач. XX в.). – М.: Наука, 1982. – 232 с.
2. Ланьков А.Н. Корея: будни и праздники. – М.: Международные отношения, 2000. – 480 с.
3. David E. Shaffer. Seasonal customs of Korea. - Korea: Korea Foundation, 2007. - 207 p.
4. Волков С. В., Симбирцева Т. М.. Корея. Карманная энциклопедия. - М.: ИД «Муравей-Гайд», 2000. – 512 с.
5. Ланьков А. Лунный новый год Сольналь// Кореяская диаспора. 1 июня 2009 г.
6. Сольналь - Новый год по-корейски, 27.01.2006 // <http://www.koreawindow.net/modules.php?name=News&file=print&sid=1749>

7. Петров Л. А. Новый год в Корее// http://world.lib.ru/p/petrov_l_a/novyi_god.shtml
8. Цой Ен Гын, Ян Вон Сик. Корейские обычаи и традиции. - Алматы: Сансам, 2007. – 256 с.
9. Ли Ги Бэк. История Кореи: новая трактовка. - М.: Русское слово, 2000. - 464 с.
10. Назаров М.В. Чусок на острове Удо// http://world.lib.ru/n/nazarow_m_w/udo.shtml
11. Suh Cheon-Soo. An encyclopedia of Korean culture. - Seoul: Hanseobon, 2006. – 647 p.

Оңтүстік корей халық мерекелері - чусок пен соллаль дәстүрлі мерекелердің әйгілері. Олар үлкен мәлімділіктермен пайдаланады және жанұяның ішінде өткізіледі. Мерекелер дәл осылай елдің жаппай мәдениетінің популяризациясындағы ең маңызды рөлдерін ойнайды.

The Public holidays of South Korea - chusok and sollal are the most popular traditional holidays. They use big popularity and celebrate in family circle. In the same way, the holidays play the important role in popularity of the mass culture of the country.

Р.А. Алпысбаев

2003 ЖЫЛЫ ИРАКҚА АҚШ ӘСКЕРІНІҢ БАСЫП КІРУ СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛҒАШҚЫ САЛДАРЫ

2003 жылғы АҚШ-Ирак соғысының себебі Вашингтонның Ирактағы биліктен С. Хусейн режимін аластатуға және осы елде америкалық ұстанымдағы режимді орнатуға тырысуы болғанын қазіргі уақытта бәрі біледі. Оған қоса С. Хусейн басшылық жасап отырған Ирак өкіметін құлатуға америкалық мүдделерді ескере келіп, Құрама Штаттардың билеуші тобы өздерінің геосаяси қызығушылықтарын Ирактың Жаппай қырып-жою (ЖҚК) қаруы тарапынан әлем қауымдастығына келетін қауіпті жою қажеттігімен байланыстырды. Америкалық саяси истеблишмент пен Вашингтонның ресми үгіт-насихаты АҚШ жұртшылығын және дүние жүзін ирактық ЖҚК-ны жою антиирақтық коалициялық күштің Иракқа басып кіруінсіз және С. Хусейннің режимін құлатпай мүмкін емес деп сендірді. Құрама Штаттардың Ирак режимін америкалық ұстанымдағы режиммен алмастыру ниетінен басқа, Вашингтон алдына саяси, сондай-ақ экономикалық құрамдастарды да көздейтін ауқымды геосаяси мақсаттар қойғаны енді анықталып келеді. Әйтсе де, америкалық саяси элита Таяу Шығыста өзінің басқа да геосаяси мәселелердің барын ашық түрде жариялауға тырысқан жоқ. Себебі экономикалық қитұрқылықпен Ақ үйдің Бағдадқа әскери қақтығыс дайындап отырғанын айтпағанның өзінде, бұл

мәселелердің шешімі ретінде АҚШ Иракқа қарсы соғыс отын тұтатуға ықпал етуі керек болатын.

Америкалық, еуропалық араб және отандық саясаткерлердің кең спектрінің ойы бір жерден шығып отыр, Құрама Штаттардың Иракпен әскери қақтығыс бастамақ болған әрекеті, С. Хусейн режимін құлату – мұның барлығы Вашингтонның Таяу және Орта Шығыстағы, жалпы бүкіл дүние жүзіндегі ықпалын күшейтуге арналған болатын. Ауғанстанда америкалық әскери күш сақталып отырған кездің өзінде Бағдадты АҚШ-тың геосаяси бақылау аймағына қосылуы және Вашингтонның Орталық Азия мен күнгей Кавказдағы әскери-стратегиялық бағытының күшеюі әлемдік аренада Иранның стратегиялық оқшаулануының аяқталуына әкелуі керек болатын. Соңғы жағдай, өз кезегінде Тегеранды америкалық ықпалдың аясына қайтаруға арналған жаңа саяси кампанияның құрылуына әкелетін еді. Егер Құрама Штаттар бұл мәселелерді шешсе, Таяу және Орта Шығыстың, сол сияқты Орталық Азия және Каспий аймақтарының мұндай-газ ресурстарына толық бақылау орната алушы еді /1, 48/. Ирактағы биліктен С. Хусейннің режимін аластату Ақ үйге, болашақта Сирияда да саяси режим орнатуға мүмкіндік берер еді.

Таяу Шығыс сарапшылары АҚШ-тың Таяу және Орта Шығыстағы геосаяси мақсаттарына қатысты жасаған өздерінің еуропалық және ресейлік әріптестерінің болжамдарымен келісті. Осылайша мароккалық саясаткер М.А. әл-Джабри Иракқа қатысты АҚШ-тың шынайы ниеті Таяу және Орта Шығыстағы жағдайды Вашингтонның пайдасына түбегейлі өзгертуді жоспарлаған деп пайымдады /2/.

Оның үстіне, АҚШ-тың Иракқа қарсы соғысы америкалық экономикалық қызығушылыққа да әсер етуі керек болатын. Сондықтан, зерттеудің бұл кезеңінде Вашингтонның С. Хусейн режимін құлатуға экономикалық қызығушылық танытуын бірнеше кезеңге бөліп көрсеткен орынды: қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді.

Қысқа мерзімді америкалық экономикалық қызығушылықтың аясында Құрамы Штаттар Иракқа қарсы соғыс ашып, содан кейін оны басып алады. Ирактың өндірістік қуаттарын басып алудың нәтижесінде, Вашингтонның әскери шығындарының көбеюі және мұнайға әлемдік бағаның төмендеуі есебінен АҚШ экономикасының дамуына ықпал жасауы керек болатын.

Орта мерзімді америкалық қызығушылыққа Иракқа бақылау орнату нәтижесінде АҚШ-тың энергетикалық қауіпсіздігінің алдын алуды жатқызуға болады. 2002 жылдың маусымында Құрама Штаттардың вице-президенті Р. Чейнидің америкалық энергетикалық қауіпсіздік кіші Дж. Буш әкімшілігінің сыртқы саясатының негізгі бағыты болып танылады деп мәлімдеуі кездейсоқ емес /3, 75-76/. Америкалық саяси истеблишменттің АҚШ энергетикалық қауіпсіздігіне қатысты қатты алаңдаушылығы Вашингтонның шет елдерден әкелінетін көмірсутекті шикізатқа тәуелділігінің айтарлықтай артқандығына байланысты болатын.

Егер 1973 жылы Құрама Штаттар пайдаланатын мұнайының 36%-ын шеттен импорттаған болса, 2003 жылы бұл көрсеткіш 57%-ға жетті. Оның үстіне, АҚШ энергетикасы департаментінің 1999 жылы жасаған бағасына сәйкес, 2010 жылы Американың мұнай импортына тәуелділігі 68%-ға дейін өседі /4, 24/. Француз зерттеушісі Э. Тоддтың мәліметтеріне сүйенсек, 2010 жылы америкалық мұнай көздері таусылатын көрінеді, демек 2002-2003 жылдары америкалық саяси басшылықтың алдында АҚШ-тың энергетикалық қауіпсіздігі туралы өткір мәселесі тұрды /5, 191/.

АҚШ үшін қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын табу 2002 жылы америкалық вице-президент Р. Чейни басқарған жұмыс тобына жүктелді. Олардың Құрама Штаттар үшін жасаған энергетикалық стратегиясына сүйенсек,

Вашингтонның үш жаһандық міндеті бар. Олар: америкалық мұнай импортындағы Сауд Арабиясының бағытын әлсірету, халықаралық аренада АҚШ-қа тәуелді болатын шикізат донорларын қалыптастыру мен Құрама Штатқа мұнай тасымалдайтын маршруттарды жаулап алу /6, 39/.

Бұл саяси құрамда кіші Дж. Буш әкімшілігіндегі америкалық мұнай концерндерінің бұрынғы топ-менеджерлерінің кездейсоқ емес ауқымды өкілдіктерін қарастырған жөн. Бұл жерде, АҚШ вице-президенті Р. Чейнидің, Пентагон басшысы Д. Рамсфельдтің, АҚШ президенттің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі К. Райстің ертеректе Құрама Штаттардың ірі мұнай компанияларының жетекшілері болғандығын еске сала кеткен дұрыс /7, 111/.

Тек Ирактағы С. Хусейннің режимін құлақаннан кейін Дж. Буш әкімшілігінің кейбір өкілдері Ақ үйдің Иракқа қарсы соғысының экономикалық себептері бар екенін мойындай бастады. 2003 жылғы маусым айының басында АҚШ қорғаныс министрінің орынбасары П. Вульфовиц «Гардиан» британ газетінің журналисі АҚШ-тың Солтүстік Кореяға емес, Иракқа басып кіруінің себептері туралы сұрағанда «Солтүстік Кореяда ЖҚҚ-ның табылу ықтималдығы жоғары еді ғой» деп, Ақ үйдің өзге өкілдеріне қарағанда айтарлықтай нақтырақ жауап берді. П. Вульфовиц сол кезде Ирактың Солтүстік Кореядан басты айырмашылығы – Бағдаттың орасан зор мұнай қоры бар екендігі, демек экономикалық тұрғыдан алғанда Вашингтонға Ирак Республикасынан басқа жерге басып кіруді таңдаудың қажеті жоқ екенін айтты /8, 23/.

АҚШ-тың билеуші топтарының Ирак мұнайын бақылауға алуынан басқа, Парсы шығанағы аймағындағы әскери-саяси жадайдың шиеленісуіне қызығушылықтары артты, себебі бұл жайт Таяу және Орта Шығысқа қару-жарақтардың жаңа топтамасын өткізуге мүмкіндіктер тудыратын еді. Вашингтонның бұл жағдайдағы негізгі себебі – Таяу Шығыс елдеріне ХХІ ғ. басында жаппай сатылымы саябырсып қалған өзінің қару-жарақтары мен соғыс техникаларын өте көп мөлшерде өткізуді қайтадан қалпына келтіру еді /9, 113/.

Бірақ Құрама Штаттар С. Хусейннің режимін құлату мен Иракта марионеттік республика орнатудың ұзақ мерзімді нәтижелеріне аса үлкен мән берді. Мәскеу Мемлекеттік Университеті Азия және Африка елдері институтының доценті В.М. Мазыдин мен Дж. Хопкинс атындағы университеттің профессоры У. Кларктың мәлімдеуінше, біріншіден, Ирак мұнайының өтімін бақылауға алу АҚШ үшін халықаралық аренада америкалық долларға деген сұранысты

күшейту және Европалық экономикалық кеңістікке (ЕЭК) мұнай бағасын еуромен белгілеуге мүмкіндік бермеу үшін қажет еді /9, 138-139/.

Оның үстіне Парсы шығанағы аймағындағы мұнай бағасын белгілеудегі өзгерістің алдын алу еуроны болашақта америкалық доллардың халықаралық қаржы жүйесіндегі беделді қарсыласы болу мүмкіндігінен айырды. Екіншіден, Парсы шығанағы аймағында өндірілетін мұнайдың өтімін бақылауға алу Вашингтон үшін халықаралық аренадағы ЕЭК, Жапония, Үндістан, Қытай және басқа да Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі жаңа индустриялық мемлекеттер секілді өз қарсыластарының экономикалық дамуын бәсеңдетуге керемет мүмкіндіктер берді. Еске сала кетерлік бір жайт, жоғарыда аталған мемлекеттердің барлығы өздерінің мұнайға деген қажеттіліктерін Парсы шығанағы аймағындағы елдерден жеткізілетін мұнайдың есерінен қанағаттандырып отырған болатын. Егер Парсы шығанағы бассейніндегі елдер мен Солтүстік Африка елдерінің ҚХР қажеттілігін қанағаттандырудағы үлесі 2003 жылы 58%-ды құраса, Батыс Еуропада ол 2/3 дейін жетті, ал Жапонияда тіпті – 3/42 болды.

Сөйтіп, Америка Құрама Штаттары Иракты басып кіруге ниет еткенде, америкалық саяси басшылықтың жариялауға тырыспаған саяси және экономикалық мақсаттарының толық кешені болды. Оның үстіне, Бағдад режиміне қатысты өзінің шынайы басымшылық ниетін Вашингтон С. Хусейннің қатыгез диктатурасын құлату және Иракта демократия мен бостандық салтанатын қамтамасыз ету қажеттігімен байланысты халықаралық қауіпсіздік пен моральдық ұстанымдарды қолдау ұмтылысымен ақтауға тырысты.

Иракқа АҚШ-тың басып кіруі қарсаңында кіші Дж. Буштың әкімшілігі, әдеттегідей тағы да халықаралық аренда өзінің ізгі ниеті мен бейбітшілікке ұмтылатындығын атап көрсетті. 2003 жылы 18 наурызда АҚШ президенті кіші Дж. Буш өзінің Америка халқына жолдауында: «БҰҰ ҚК өз міндеттерін орындай алмады, бірақ АҚШ «өз уәдесін орындап», С. Хусейнді қарусыздандырады», – деп мәлімдеді. Америка президенті өз мәлімдемесінде Ирак президенті С. Хусейнге өз еркімен биліктен бас тартып, 48 сағаттың ішінде елден кетуіне үзілді-кесілді талап қойды. Олай етпеген жағдайда, АҚШ президентінің айтуына қарағанда, С. Хусейн режимін құлатуға арналған әскери операция басталады /10/.

Американың Иракқа басып кіруіне дүние жүзінің 45 елі әр түрлі қолдау көрсетіп, оның ішінде тек 2 мемлекет – Ұлыбритания мен Австралия ғана Иракқа қарсы АҚШ-тың әскери

операциясына тікелей қатысты, ал ауған кампаниясына 2001-2002 жылы тек 21 мемлекет қана қатысқан болатын. Иракқа Құрама Штаттар әскерінің басып кіруін бұрынғы Экономикалық өзара көмек кеңесі елдерінің көп бөлігі, кейбір ТМД-ға мүше-мемлекеттер, Балтық жағалауы мемлекеттері, экономикалық жағынан АҚШ-қа тәуелді Орталық және Оңтүстік Америка елдері, Африканың кедей елдері және т.б. қолдады. Бұл елдердің көпшілігі Вашингтонға қолдау көрсету сияқты немесе өз аумақтарының үстінен америкалық авиацияның ұшып өтуіне рұқсат беру түрінде көмек көрсетті.

Сонымен қатар Ирак пен АҚШ арасындағы соғыс түйінінің шешілуін жақтайтындар Ирак Республикасына америкалық-британ әскерінің басып кіруіне кедергі жасау үшін іс жүзінде ешқандай шаралар қолданбады. Ирак жерінде соғыс қимылдары басталып кеткеннен кейін 2003 жылы 18 наурызда Франция, Германия, Ресей және Қытай Вашингтонның Таяу және Орта Шығыстағы жаңа әскери-саяси жанжалдың бастамашысы болғанын айыптап, оған әр түрлі қарсылық білдірді қойды, одан әрі аспады. Сондай-ақ, америкалықтардың Иракқа басып кіруін БҰҰ ҚК тұрақты мүшелері емес, кіп-кішкентай Малайзия қатты айыптады. Иракқа қарсы соғыс қимылдары басталып кеткеннен кейін іле-шала Малайзия премьер-министрі М. Мохаммед Құрама Штаттар мен Ұлыбританияның әскери акцияларын «БҰҰ мен халықаралық құқықтың өмір сүруін тоқтатқан, әлемді қайтадан тас ғасырына әкелген «империалистер мен қорқақтардың іс-әрекеті» деп атап көрсетті /11/.

Иракқа қарсы әскери операцияларын бастамас бұрын АҚШ өзінің британдық және аустралиялық одақтастарымен бірге Таяу Шығыс аймағы мен Парсы шығанағы бассейніне 207 мың әскери қызметкерді, 125 соғыс кемесі мен сүнгүйр қайықты, 1007 соғыс ұшағын орналастырды. Америкалық әскери сарапшылардың бағалауы бойынша, Ирактың қарулы күштері антиирақтық коалицияға қарағанда айтарлықтай аз болды. Мысалы үшін, АҚШ-тың Таяу Шығыс істері жөніндегі кеңесінің директоры К. Хамза 2002-2003 жылдары Ирак әскерінің қару-жарақ қуаты, оның 1990 жылғы қару-жарақ қуатының ¼ бөлігі ғана құрады деп мәлімдеді. Иракқа америкалық-британ әскерінің басып кіруі қарсаңында Бағдадта 292 мың әскери жеке құрам, 223 әскери ұшақ және 1 ӘТК (әскери-теңіз күштері) (6 су үсті кемесі мен 219 соғыс кемесі) болды. Сондай-ақ, Ирак әскері моральдық-аяси рухының әлсіздігімен және тәртібінің нашарлығымен ерекшеленді. Оның үстіне, Ирактың қарулы күштерінің қару-жарақтары америкалық-британ әскери құрамаларының қару-жа-

рақтарымен салыстырғанда мүлдем ескеріп кеткен болатын /12, 56/. Сондықтан, АҚШ пен Ирактың арасында қандайда болмасын әскери қақтығыс орын алған күннің өзінде, тіпті Ирак әскерлері алдын ала бекінген бекіністерде орналасса да, жеңіліске ұшырайтыны анық еді. Нақты қарсылық тек Ирактың ірі қалаларындағы көше соғыстарында ғана көрсетілді, себебі көшедегі соғыста әскери техника артықшылығының қажеті шамалы болатын, сондықтан басып алушылардың адам шығыны 10 есеге көбейді.

2003 жылы 19 наурызда америкалық-британ қарулы күштерінің Ирак жеріне басып кіруі және олардың ирактықтарға қарсы соғыс қимылдарын бастауы Ирак әскери қорғанысының ұйымдасу деңгейінің тым нашар екендігін көрсетті. Әлем ақпараттық агенттіктерінің мәліметтеріне сүйенсек, қорғанысты ұйымдастыруда Бағдадтың күш-жігері барабар болмаған. Ирак әскерінің моральдық азғындауы апаттық дәрежеге дейін жеткені соншалық, тіпті соғыс қарсаңының өзінде әскерден ақшамен құтылып кетуге болатын еді. Оның үстіне, Иракқа қарсы соғыс қимылдары басталғаннан кейін де Ирактың теңіз-әуе қорғаныс жүйесі ешқандай әрекет жасамады: Ирактың әскери басқармасы тарапынан ешқандай сәйкес нұсқаулар берілмегендіктен бірде-бір Ирак зымыраны не ұшағы әуеге көтерілген жоқ /13, 205/.

Америкалық әскерлер Бағдадқа басып кірерде де қарсылық көрсетілмеді. Сонымен қатар, 2003 жылы 9 сәуірде Бағдадта олар ешандай қорғанысқа арналған маңызды құрылыстарды, тіпті америкалық-британ әскерлерімен ұзақ шайқасуға жасалған дайындықтың нышанын да байқамады. Ирактағы көпірлер мен ғимараттарға миналар қойылмады, ұзақ мерзімді атыс орындары соғыс құралдарымен жабдықталмады. Бір уақытта қайда екені белгісіз оншақты мың республикалық гвардияшылар, тұрақты әскер, қауіпсіздік қызметі, үкімет шенеуніктері жоқ болып кетті. Тіпті, Иракты америкалық-британ әскерлерінен қорғау үшін келген бірнеше мың шетелдік еріктілер де жоғалып кетті /14/.

Ирактағы осыншама қысқа мерзімді әскери кампанияның ұйымдасу себептерінің қатарына америкалық-британ әскерлерінің әскери-техникалық артықшылығын және Ирак әскери күштерінің әлсіздігімен бірге, Ирак Республикасы жоғары басқармасының сатқындығын жатқызуға болады /15, 197/. Кейбір отандық зерттеушілер мен ақпараттық агенттіктер, Ирак астанасын және Ирактың басқа да бірқатар стратегиялық нысандарын қорғауы тиіс Ирак әскери ұйымдарының тарапынан болған келеңсіздіктерді,

Ирактың әскери элитасын америкалық арнайы қызмет пара беріп сатып алғандықтан болған деп түсіндірді. Ирактың оңтүстігіндегі шейіттік аудандарда ирактық азаматтар мен әскери бөлімшелер тарапынан америкалық басқыншыларға қарсы ашу-ызаға толы қарсылық көрсетілді. Бірақ, америкалық басқыншыларға қарсы ирактықтардың тұрақты қарсылық үлгілері АҚШ пен Англияға қарсы соғыстың алғашқы кезеңінен еш аспады және ары қарай дамымады.

Америкалық-британ әскерлері Ирактағы қарсылық көрсетуші барлық жергілікті ошақтарды басып тастай алмағандықтан, 2003 жылы 2 мамырда АҚШ президенті кіші Дж. Буш С. Хусейн режимінің құлағаны туралы ғана емес, сонымен бірге Вашингтон мен Лондонның Ирактағы әскери іс-әрекеттерінің аяқталғандығы туралы да мәлімдеді. Тіпті Ақ үйдің Иракқа қарсы соғыс кезеңінің аяқталғаны жайлы ресми мәлімдемесінен кейін де, Ирактағы әскери-саяси жағдай тұрақтанған жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын Иракта америкалық-британ әскерлеріне қарсы партизан соғысы өрши түсті. Сөйтіп 2003 жылы көктемде С. Хусейн режимін Ирак билігінен аластатып, Құрама Штаттар өзінің Ирак пен Таяу және Орта Шығыстағы стратегиялық және экономикалық мақсаттарына қол жеткізіп қана қойған жоқ, сонымен бірге Ирактың әскери-саяси дағдарысына «малтығып қалды» әрі Ирактағы діни соғыстың тұтану мүмкіндігін күрт өсірді.

АҚШ пен Ұлыбританияның Иракқа басып кіруі және С. Хусейн режимін құлатуды жалғастыру Иракқа қарсы америкалық басқыншылыққа қатысты әлем қауымдастығы ұстанымдарының қалыптасуына ықпал жасады. 2003 жылы сәуірде «Естен тану мен діріл» атты Иракқа қарсы әскери операция аяқталғаннан кейін Германия үкіметі Ирак индустриясының басты нысандарын қайта қалпына келтіруге қатысқысы келетіндігін айтты, ал Франция болса, соғыстан кейінгі Ирактың жағдайын реттеуде НАТО-ның рөлін атқаруға келісті. Бұрын Иракқа америкалық-британ әскерінің басып кіруіне саяси қарсылық білдірген әлемінің басқа мемлекеттерінің ұстанымы да жұмсара бастады. 2003 жылы 12 сәуірде «Үлкен жетіліктің» мүшелері Ирактың қалпына келуі мен дамуына Дүниежүзілік банк пен Халықаралық Валюта Қоры тарапынан әрекет жасау үшін жан-жақты күш керек екенін мойындады. 2003 жылы 22 мамырда БҰҰ ҚК №1483 қарарды қабылдады. Ол қарарда америкалықтардың Иракқа басып кіруін сол елдегі ЖКҚ-ны жою қажеттігінен туындады деген сылтаумен кейінгі мерзіммен заңдастырды және әлем қауымдастығынан Ирактағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайды тұрақ-

тандыру үшін көмектесулерін сұрады /166, 65/.

Сөйтiп, Иракта С. Хусейн үкiметiн құлату Вашингтонға не саяси, не экономикалық дивиденд әкелген жоқ. Керiсiнше, Құрама Штаттар америкалық басқыншылыққа қарсы ирактықтардың жанкештi қарсылық көрсетулерiне ұшырады, сондай-ақ Ирактағы iшкi саяси жағдайды қалпына келтiру жолында орасан зор қаржы шығынына ұшырады және әлi де ұшырап келедi.

1. Бжезинский, З. Великая шахматная доска, - М., «Меж. отношения», 2006, - 129 с.
2. Al-Nayat 10 march 2003.
3. Бжезинский, З. Выбор: Мировое господство или мировое лидерство. - М., «Меж. отношения», 2006, - 111 с.
4. Глушенко, Ю. Н. Иракская нефть: геополитика и будущее мирового нефтяного рынка. - М.: РИСИ, 2003. - 25 с.
5. Тодд, Э. После империи. Pax Americana - начало конца. - М: Меж. отношения, 2004. - 240 с.
6. Берг, М. Реальная американская политика и мусульманский ми // Internationale Politik, 2003. - №5. - 39 с.
7. Томушат. К. Самовлюбленный гегемон. Институт международного и европейского права Берлинского университета им. братьев Гумбольдтов // Internationale Politik, 2003. - №4. - 123 с.
8. Бирнбаум. Н. Имперский проект. Georgetown University Law Center, советник Progressive Caucus в Конгрессе США. // Internationale Politik, 2004. - №4. - 113 с.
9. Кларк, У. К. Как победить в современной войне. Ирак, терроризм и Американская империя. - М.:

«Альпина Бизнес Букс», 2004. - 240 с.

10. Corraera della serra 18 march 2003.

11. The New York Times 20 march 2003.

12. Кайзер. К. Смена эпох. Доминирование и взаимозависимость после войны в Ираке // Internationale Politik, 2003. - №3. - 56 с.

13. Тэтчер, М. Искусство управления государством. Стратегия для меняющегося мира. - М.: «Альпина Бизнес Букс», 2007. - 255 с.

14. Naaretz 5 may 2003.

15. Нетаньяху. Б. Война с терроризмом. Как демократии могут нанести поражение сети международного терроризма, М., «Альпина Паблишер», 2002, - 198 с.

16. Штайнбах. У. Провал Америки в Ираке. Директор Германского института востоковедения// Internationale Politik, 2004. - №3. - 65 с.

В этой статье говорится о том, что кроме намерения Соединенных Штатов заменить иракский режим на проамериканский Вашингтон преследовал и более глобальные геополитические цели, которые имели как политическую, так и экономическую составляющие. Также в ней отмечается, что, вторгнувшись в Ирак, Соединенные Штаты столкнулись с ожесточенной борьбой иракцев против американской оккупации, и несут колоссальные финансовые расходы по стабилизации внутривосточного положения в стране.

The article states that, apart from the intentions of the United States to replace the Iraq's regime to pro-American, Washington had a more global geopolitical goals, which were both political and economic. Also, it is noted that, by invading Iraq, the United States faces a bitter struggle of Iraqians against the occupation of the U.S., and bear the enormous financial costs of stabilizing the political situation in country.

К.Б. Жанатаева

1980-1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕГИПЕТТІҢ САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

70-ші жылдардың аяғында Египетте «жана бағыт» елде «демократиялық тәжірибе» деген атауға ие көппартиялық жүйені құрды. Бірақ елдегі саяси дағдарыстың өршіген тұсында Египет президенті Әнуар ас-Садат көппартиялық жүйені қалыптастыру өзіне қиын жағдай туғызатынын топшаламаған еді. Елде заңды және жартылай заңды партиялардың құрылуы билікке қарсы мықты оппозицияның пайда болуына әкелді. 1980 жылы көктемде құрамына оппозициялық партиялардың басым көпшілігі кірген Египет патриоттық майданының құрылуы «жаңа бағыт» жетекшілерін тығырыққа тірелтті. Мысыр президенті билігінің соңғы жылдары қоғамның дерліктей барлық күштерін, атап айтсақ, жасырын, солшыл және оңшыл оппозициясын, мұсылман-фундаменталистерін, христиан-коптары мен буржауаз топ өкілдерін

өзіне қарсы қойып алған еді. Елде ауыр тәртіп дағдарысы орнады. Өзінің саяси тәртібіне қарсы шыққандармен күрес жүргізу үшін Садат «демократиялық институттарды» кеңінен қолданды. Әсіресе билікке сын тағушы оппозиция қызметін шектейтін заңдарды қабылдау үшін референдумдар өткізілді. Антидемократиялық заңдар қабылданып, саяси тәртіп оппозицияны одан әрі қыспаққа ала түсті /1, 72/.

Елде саяси қарсыластарға қарсы жаппай жазалау шаралары басталды. Мұсылман және копт ұйымдары таратылды. Мемлекет көптеген мешіттерге бақылау орнатып, діни басылымдардың шығуы тоқтатылды. 1980 жылы университеттердегі барлық исламдық ұйымдарға тыйым салынды. Шектен шықты деп саналған мұсылман экстремистеріне қатысты үкім шығарылды. 1981 жылдың қыркүйегінде Ә. Садаттың бұйры-